

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.Е.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ИНСТИТУТЫ  
«ГЕОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫ

ЖУМАДИЛОВА Б.Ж.

«ЕСЕНОВ ТАҢУ»  
пәні бойынша тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау 05В706-  
«ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА КЕНОРЫНДАРЫН БАРЛАУ»  
мамандықтары үшін

УДК 553. 04 (012) Е82

Құрастырған: Жумадилова Б.Ж.

Есенов тану пәні бойынша тәжірибелік сабақтардың әдістемелік нұсқауы.

Ақтау: Ш.Есенов, 2010, 25 бет.

### Рецензия

Есенов тану пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған оқу әдістемелік нұсқауы 05В706 Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау мамандығының студенттері үшін жасақталған.

Бұл оқу әдістемелік нұсқауда тәжірибелік сабақтың мазмұны, орындалу әдістері, бақылау сұрақтары, пайдаланылған оқулықтар авторларымен көрсетілген.

Тәжірибелік сабақтардың орындалу әдістерін және мазмұнын студенттер үшін түсінікті және жеңілдетілген түрде ұсынып отыр.

Баспадан шығаруға ұсынамын.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған.

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010.

## КІРІСПЕ

«Есеновтану» пәні Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінде оқитын студенттер үшін негізгі пәндердің бірі болып табылады.

**Пәннің мақсаты:** Қазақтың бір туар ұлы дарынды табиғат байлықтарын зерттеуші ірі геолог, ғалым, академик, Қазақстанда геологиялық қызметпен академиялық ғылымды ұйымдастырушы, ғылым әлемінде белгілі қоғам және мемлекет қайраткері академик Шахмардан Есенұлы Есеновтың кім екеніне түсінік беру. Сонымен қатар геологиялық процестерді, тау жыныстарына мен минералдардың физикалық қасиеттерімен құрылымдары туралы түсіндіру пәннің негізгі міндеті болып саналады.

«Есеновтану» пәнінен тәжірибелік сабақтар үшін оқу әдістемелік нұсқаулы студенттердің дәріс сабақтарынан алған білімдерін тәжірибелік сабақтармен толықтыру, нығайту мақсатында оқу бағдарламасы мен Силлабус негізінде жасақталған.

«Есеновтану» пәнінен тәжірибелік сабақтарға 050706 - «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» мамандықтары үшін тақырып алынған.

№	Тақырыбы.	Сағат саны
1.	Шахмардан Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің құрылым бөлімдері.	2 сағат.
2.	Минералдармен танысу және физикалық қасиеттері және жіктелуі.	3 сағат.
3.	Тау жыныстарына анықтама беру.	4 сағат
4.	Мұнай және газдың физикалық қасиеттері.	4 сағат.
5.	Шахмардан Есенов атындағы мұражайға барып, Университет тарихымен танысу.	2 сағат.
Барлығы		15 сағат

### Тәжірибелік сабақ №1.

#### Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ құрылымдық бөлімдері.

1. Ш.Есенов атындағы Университеттің тарихы қай жылдан басталған?
2. Ш.Есеновтың аты Университетке нешінші жылы берілді?
3. МГИты қайсы шағын ауданда орналасқан?
4. Университетте неше институт бар?

**Сабақтың мақсаты:** Студенттерді Шахмардан Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің құрылымымен және Университет Институттар әкімшілігімен таныстыру.

**Қажетті құралдар:** Шахмардан Есеновтың Университет, институттардың және колледж, кітапхана, оқу залдарының, зертханалардың, спорт залдарының суреттері.

Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университеті Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігінің білім беру жүйесіне енетін мемлекеттік жоғарғы оқу орны. Университет ректоры А.А.Абжаппаров. Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінде 4 институт бар:

1. Мұнай газ институты 24 ші шағын ауданда орналасқан, директоры Сейдалиев А.А.

2. Теңіз технологиялар институты, директоры Закенов С.Т

3. Педагогикалық институты директоры Ахметов А.К.

4. Құқық және экономика институты директоры Джолдасбаева Г.У.

Үш институт 32 шағын ауданда орналасқан.

Мұнай және газ институтында 5 кафедра жұмыс жасайды:

1) Геология

2) Мұнай газ ісі.

3) Химия және химиялық технология.

4) Экология.

5) Энергетика кафедрасы.

Университеттің ғылыми кітапханасы жоғары білімді мамандар дайындауда елеулі роль атқарады: ғылыми еңбектермен қамтамсыз етуде оқу процесінде, студенттермен маңызды тәрбие жұмыстарын жүргізуде ғылымның ілгері дамуына ықпал етуде, кітапхана аймақтағы жоғары және орта арнаулы оқу орындарының әдістемелік орталығы болып табылады. Кітапхана жыл сайын 2 мыңнан аса кітаптар алады. Университетте 10-нан астам ұлт өкілдері оқиды, оның ішінде шет елдер өкілдері де бар. Бұл жағдайлар әрбір студентті терең көп ұлттық сезім, достық өзара сыйластыққа тәрбиелеу маңыздылығымен ерекшеленеді. Университет студенттерінің ғылыми жұмыстары оқу-тәрбие ісімен тығыз байланыста жүргізіледі. Ғылыми жұмыстың басты мақсаты жоғары кәсіби мамандар даярлау, ғылымның алдыңғы қатарлы жетістіктерін студенттерге меңгерту, ғылыми өндірістік тақырыптарды талдай білуге баулу.

Университеттің халықаралық байланысы ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығының мемлекет аралық келісім шарт негізінен тұрады.

Университет (АҚШ, Ресей, Түркия, Иран, Украина, Өзбекстан, Түркменстан, Әзербайжан т.б.) 10 шетел университеттері және институттарымен кең көлемде ғылыми және шығармашылық байланыс орнатқан.

Шахмардан Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университеті 1996 жылдан бері Каспий аймақтық мемлекеттері Университеттер Ассоциациясының толық мүшесі, оның құрамына Дағыстан Қалмақ мемлекеттік Университеттері (Ресей Федерациясы, Горган және Мазандаран Университеті, Иран Ислам Республикасы, Әзербайжан техникалық Университеті, Алматы аграрлық Университеті, Атырау Мұнай және газ институты) бар.

Дене шынықтыру мен спорт, көркем өнерге дайындауға көп көңіл бөлінген.

Шахмардан Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің Колледжі 11 шағын ауданда орналасқан, ол

2003 жылдың қыркүйек айынан бастап ашылды. Колледжді бітірген студенттер Университетке оқуға түсіп қысқартылған курстарды оқып, білім алуда.

**Қорытынды:** Студенттер Университет Институт құрылымымен түгел танысып әңгімелеп беру.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Аханов Ж. «Шахмардан Есенович Есенов», Наука Казахстана, 1996 ж.
2. Нечаев Г. «Вклад учёных Казахстана», Наука 1972 ж.
3. Ғылым мен техника саласындағы Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаттары. Социалистік Қазақстан 1972 ж.

**Тәжірибелік сабақ №2**

**Минералдың химиялық құрамы, физикалық қасиеті.**

1. Минералдар дегеніміз не?
2. Минералдардың қандай физикалық қасиеттерін білесіңіз?
3. Минералдардың қаттылығын қалай анықтауға болады?

**Жұмыстың мақсаты:** студенттерге минералдардың құрамы, физикалық қасиеті жөнінде кеңінен түсінік беру.

**Қажетті құралдар:** минералдар және үлгітастар.

Табиғатта кездесетін минералдардың ең басты химиялық қасиеттеріне түсі, қаттылығы, мөлдірлігі, жылтырлығы, сынғыштығы, тығыздығы, меншікті салмағы, кристалдық құрылыс ерекшеліктері т.б. қасиеттері жатады.

1. Минералдың түсі табиғатта кездесетін минералдардың химиялық құрамына, құрылыс ерекшеліктеріне байланысты болады. Мысалы: алтын, күкірт түсі-ашық сары, глазирид- көк, кварц, алмас-мелдір, магнетит-қара т.б.

2. Қаттылығы -минералдың өзінен қаттырақ заттардың механикалық әсеріне қарсыласу әсерін айтады. Минералдың қаттылығы сығу, тегістеу, қысу, тырнау, сол сияқты сыналады. Минералдың қаттылығын анықтау үшін Моос шкаласын пайдаланады.

**Моостың шкаласы**

Минералдың аты формуласы	Қаттылығы
Тальк- $Mg_3(OH)_2[Si_2O_{10}]$	1
Гипс- $CaSO_4 \cdot 2H_2O$	2
Кальцит- $CaCO_3$	3
Флюорит- $CaF_2$	4
Алатит- $Ca_5(F, Cl)_3(PO_4)_3$	5
Ортоклаз-К $[Al Si_3O_8]$	6
Кварц- $SiO_2$	7
Корунд- $Al_2O_3$	8
Топаз- $Al_2(F, O_4)_2(SiO_4)$	9

3. Минералдың қаттылығы өзіне түскен жарық сәулесін шағылыстыру, сәуле жұту қабілетімен анықталады. Олардың шағылыстыру қабілеті жылтырлығыда солай бағаланады. Жылтырлығы бойынша 2 топқа бөлінеді.

*Сульфиттер класы:*

Пирит-түсі-сарғыш-сынғыштығы кейде мортсынады, қаттылығы-6, тығыздығы -  $5,2\text{гр}/\text{см}^3$ , жаралу тегі-гидротермальдық және магмалық тау жыныстарынан алынады, кен орындары: Кавказда, Оралда, Алтайда, пайдалану орны-күкірт кислотасының өндірісінде кеңінен қолданылады.

*Голоидты қосындылар:*

Флюорит- (CaF) түсі- әр түрлі, жылтырлығы- жылтырақ, сынғыштығы - тегіс, қаттылығы- 4, тығыздығы-  $3,2\text{ гр}/\text{см}^3$ , жаралу тегі- магмалық, гидротермалдық және метаморфтық тау жыныстарынан алынады, кен орны- Ресей, қолданылатын орны- линза, телескоп және лазер жасау үшін қолданады.

Кварц-(SiO<sub>2</sub>) жер шарында ең көп тараған минералдың бір түрі, түсі- сұр, ақ, т.б. түрлері бар, қаттылығы -7, тығыздығы - $2,5-2,6\text{ гр}/\text{см}^3$ , жаралу тегі- магмалық және гидротермалдық тау жыныстарынан алынады, кен орны-Оралда және т.б.

*Карбонаттар класына:*

Кальций-(CaSO<sub>3</sub>) түсі- ақ сарғыш, жылтырлығы- әйнектей, сынғыштығы- тегіс, қаттылығы-3, тығыздығы - $2,6-2,8\text{ гр}/\text{см}^3$ , құрамы-тұзды қышқылмен реакцияға түседі, жаралу тегі биогенді, хемогенді, магмалық тау жыныстарынан алынады, кен орны-Орталық Ресей, Орал т.б.

*Сульфаттар класы:*

Ангидрид-CaSO<sub>4</sub> түсі-ақ, сұр, көкшіл, сынғыштығы-тегіс емес, шашырап сынады, қаттылығы-3,4, тығыздығы- $2,9-3\text{гр}/\text{см}^3$ , жаралу тегі-гидротермалды, метаморфтық тау жыныстарынан алынады. Пайдалану орны-құрылыс және химия өндірісінен алынады.

Гипс-(CaSO<sub>4</sub>×H<sub>2</sub>O) түсі-түссіз, сынғыштығы-тегіс, қаттылығы-2, тығыздығы- $2,3\text{гр}/\text{см}^3$ , жаралу тегі-хемогенді, кен орындары-Ресей, Татарстан және т.б, құрылыста, медицинада қолданылады.

*Силикаттар класы:*

Тальк -(Mg<sub>3</sub>)(OH<sub>2</sub>)[ Si<sub>2</sub>O<sub>10</sub>] түсі-ақ, сары, кейде жасыл, сынғыштығы тегіс емес, қаттылығы-1, тығыздығы- $2,6-2,8\text{ гр}/\text{см}^3$ , жаралу тегі-хемогенді тау жыныстарынан алынады, кен орындары-Ресей, Орал және т.б.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Аманниязов К.Н. Геология, Алматы, 2001.
2. Бондер В.В. Основы геология. Москва, 1978.

### Тәжірибелік сабақ № 3

#### Тау жыныстарының физикалық қасиеті

1. Тау жыныстарының физикалық қасиеттерін ата?
2. Құм, құмтас, саз балшық тау жыныстарының қайсы түріне жатады?
3. Шөгінді тау жыныстары халық шаруашылығында пайдаланыла ма?

**Жұмыстың мақсаты:** Тау жыныстарын құраушы минералдардың физикалық қасиеттерін анықтау.

**Қажетті құралдар:** минералдар және тау жыныстарының үлгілері, минералдардың физикалық қасиеттерінің кестесі, әйнек, бисквит, тұз қышқылы.

Тау жыныстары жер қойнауында, немесе оның бетінде әржақты геологиялық процестердің нәтежиесінде жаралады.

Таужыныстары деп минералдардың табиғи жолмен пайда болған агрегаттарын (қосындысы) атайды. Тау жыныстарының құрамына кіріп, олардың құрамын, қасиетін анықтайтын минералдарды жыныс түзуші минералдар дейді. Сонымен қатар жыныс құрамына азынаулақ басқадай (бірақ кездейсоқ емес) минералдар кіреді.

Жыныс түзуші минералдар түсіне қарай ақшыл (мысалы кварц, дала шпаттары, нефелин) және қоңырқай (амфибол, биотит, пироксен) деп жіктеледі.

Жаралу кезінде пайда болған, және қайтарма келесі өзгерістер кезінде пайда болған, болып айырылады.

Жаралу тегіне байланысты барлық тау жыныстары негізінен магмалық, шөгінді және метоморфтық болып үш ірі топқа бөлінеді:

1. Магмалық (ақтарылған)-әр жағдайда қатайған күрделі құрамды силикатты балқымадан-магмадан (лавадан) түзілген тау жыныстары.

2. Шөгінді тау жыныстар жер бетіндегі алуан түрлі экзогендік процестер әрекетінен пайда болады.

3. Метоморфтық тау жыныстары деп байырғы магмалық, шөгінді, қала берсе метоморфтық тау жыныстарының тереңдігі жоғарғы қызу мен қысымның және сұйық, газ қосындылардың әрекетінен қилы-қилы өзгерген жыныстарды айтады. Осылардың әрқайсысы жаралу жағдайына байланысты әрі қарай кластарға жіктеледі.

Тау жыныстарының жаралу тегін (генезис) алдымен олардың құрлымы (структурасы) мен түзіліміне (текстурасы) қарап анықтайды. Жыныстың құрылымы минералдардың кристалдық әлпеті, олардың түйіршіктерінің абсолюттік (мм, см) және салыстырмалы өлшемдерінен, оған қоса кейінгілердің порым пішіндеріне байланысты жыныстың ішкі құрылысын байыптайды.

Түзілімі деп тау жыныстарының оны құрайтын минералдардың жыныс арасындағы орналасу жайын көрсететін сырт құрылымын атайды. Мысал келтірейік. Тас тұзы галиттен тұрады да оның қызыл, көк, ақшыл түсті жұқа қаттары көрінеді.

Ендеше түзілімі қабатша. Галит мөлшері біркелкі кристалдардан тұратын агрегат құрайды.

Тау жыныстарының физикалық қасиеті минералдық құрамына, құрылысына және сыртқы жағдайларына байланысты болып келеді. Қуыстылық пен жарықшақтық тау жыныстарының басты қасиеті болып келеді. Магмалық тау жыныстарының қуыстылығы 60-80% ке дейін жетеді. Шөгінді тау жыныстарындағы қуыстар шөгінділердің жиылуы кезінде пайда болады және симентация кезінде бітеледі де сақталып қалады. Тау жыныстарының тығыздылығы минералдық құрамымен қуыстылығына байланысты болады,

тығыздылығы көбіне руда минералдарында жоғары, шөгінді тау жыныстарында төмен болады.

Тау жыныстарының беріктілігі, құрылысы, қаттылығы, серпімділігі, өткізгіштігі жыныс түйірлерінің арасындағы байланыс бойынша анықталады. Ұсақ түйірлі жыныстар, ірі түйірлі жыныстарға қарағанда берік болады. Жыныстардың қуыстылығы неғұрлым жоғары болса, жылу өткізгіші сол гүрлым төмен болады. Тау жыныстарының технологиялық қасиеттеріне: беріктілігі, қаттылығы, бұрғыланыштығы, қопарлыштығы жатады.

Кеуектілігі деп шөгінді тау жыныстарының сұйытарды өз бойына сіңіру қасиетін айтады. Кеуектілік ұсақ, ірі, өте ірі қуыс түрінде кездеседі. Өткізгіштік шөгінді тау жыныстарының өз бойынан қысымы мен сулық қасиетін айтады.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Аманизов.К.Н, Ахметов А.С, Қожахмет Қ.А. «Қазақстанның мұнайлы газды аймақтарының геологиясы». Алматы 2004 ж.
2. Қазақстанның мұнай-газ энциклопедиясы. Астана-Лондон 1999ж.

### **Тәжірибелік сабақ № 4**

#### **Мұнайдың және газдың физикалық қасиеттері**

1. Мұнайдың және газдың физикалық қасиеттеріне нелер жатады?
2. Мұнайдың түсі қандай болады?
3. Мұнай мен газдың халық шаруашылығындағы маңызы.
4. Маңғыстауда мұнай газ кенорындарын ашуда Ш.Есеновтың ролі.

**Жұмыстың мақсаты:** студенттерге мұнаймен газдардың физикалық қасиеттері жөнінде кеңінен түсінік беру.

**Қажетті құралдар:** мұнай үлгілері.

Мұнайдың терең қабаттардағы, сондай-ақ жер бетіндегі жағдайлардағы физикалық қасиеттерін білудің үлкен ғылыми және практикалық мәні бар, өйткені бұл мәліметтерсіз кен орындарыш, мұнай құбырларын игеру, есеп жүргізу, мұнайды тасымалдау мен сақтау мүмкін емес. Мұнайдың физикалық қасиеттерін білмей тұрып мұнайдың миграция жолдарын және мұнай кен орындарының пайда болу процесін дұрыс ұғыну мүмкін болмайды.

Мұнайдың негізі физикалық қасиеттері: тығыздығы, тұтқырлығы, беттік керілуі, сығылуы, жылулық қасиет-тері - жылу сыйымдылығы, қайнау, қату, булану темпе-ратуралы, жылу шығару қабілеттілігі, мұнайдың ерігіш-тігі, оның электрлік және оптикалық қасиеттері.

Мұнайдың тығыздығы  $d$  - граммда көрсетілген, көлем бірлігінің массасы. СИ жүйесінде тығыздық бірлігі -  $\text{кг}/\text{м}^3$ . Мұнайдың тығыздығы оның құрамындағы төменқайнаушы құраушылар мен асфальтты-шайырлы заттардың мөлшерінің артуымен жоғарлайды.

*Тығыздығы* бойынша мұнай: жеңіл мұнай тығыздығы  $0,9 \text{ г}/\text{см}^3$ -тен аз және ауыр мұнай тығыздығы  $0,9 \text{ г}/\text{см}^3$  асқан болып бөлінеді. Тығыздығы  $1 \text{ г}/\text{см}^3$  жоғары өте гүтқыр мұнай малът деп аталады. Жеңіл мұнайдың түсі біршама ашық, ауыр мұнайдың түсі біршама кошқыл болып келеді. Өте жеңіл мұнай мөлдір әрі түсі шайдың немесе өсімдік майынікі тәрізді.



*Тұтқырлық* - қозғалыс жағдайында сұйықтардың, соның ішінде мұнайдың бөлшектерінің орын ауыстыруына кедергі көрсету қасиеті. Тұтқырлықтың үш түрі: динамикалық, кинематикалық және салыстырмалы болып бөлінеді.

Динамикалық (абсолютті) тұтқырлық  $Mn$  орын ауыстырудың салыстырмалы жылдамдығы  $1 \text{ см}^3$  жағдайында, бір-бірінен  $1 \text{ см}$  қашықтықтағы,  $1 \text{ см}^2$  беттіктегі сұйықтардың екі қабатының өзара орын ауыстыруының динадағы кедергі аумағымен білдіреді. СГС жүйесіндегі динамикалық тұтқырлық бірлігі Пуаз, СИ жүйесіндегі = (Па.с. ( $1\text{П} = 0,1\text{Па.с}$ )).

*Гидравликада абсолютті тұтқырлықтың  $m$  сұйықтың тығыздығына  $V$  өзара қатынасын көрсететін кинематикалық тұтқырлық  $g$  жиі қолданылады СИ жүйесіндегі кинематикалық тұтқырлықтың бірлігі -  $\text{м}^2/\text{с}$ .*

Мұнайдың динамикалық тұтқырлығын тікелей анықтау өте-өте қиын. Іс жүзінде салыстырмалы тұтқырлықты, ал сол бойынша кинематикалық және динамикалық тұтқырлықты анықтайды.

*Салыстырмалы (меншікті) тұтқырлық* - мұнайдың абсолютті тұтқырлығының судың тұтқырлығына қатынасымен білдіреді. Салыстырмалы тұтқырлықты Энглер тұтқыр өлшеуішімен (вискозиметр) анықтайды.

Температураның жоғарылауымен мұнайдың тұтқырлығы төмендейді, және де өзгеру аумағы мұнайдың химиялық құрамына байланысты болады.

Беттік керілу  $\sigma$  деп сұйықтардың өзінің бетін ұлғайтуға кедергі күші аталады. СИ жүйесіндегі беттік керілу бірлігі - Н/м.

Мұнайдың сығымғыштығы қысымның  $0,1 \text{ мПа}$ -ға өзгеру жағдайында мұнайдың көлемінің салыстырмалы өзгеруі. Мұнайдың сығылғыштығы (5-6)  $10^{-4}$  мПа шегінде ауытқиды.

Мұнай табиғи жағдайда әдетте сұйық күйде болады. Температураның төмендеуі жағдайында ол қоюлана бастайды. Қоюлану температурасы кең көлемді шекте  $+30^\circ\text{C}$  -ден (Маңғышлақтың күшті парафинді мұнайы)  $-20^\circ\text{C}$  дейін (парафинді емес жеңіл мұнай) өзгереді. Қайтымды процесс балқу процесі деп аталады.

*Булану* - ең әр түрлі температура жағдайында сұйықтардың бетінде өтуші бу түзілу процесі.

*Қайнау процесі* - дегеніміз сұйықтықтардың бүкіл массасының бу бөліп шығаруы. Қайнау температурасы, немесе қайнау нүктесі тек қана қысымға тәуелді болады. Мұнайдың белгілі бір қайнау температурасы жоқ, сондықтан олар үшін қайнаудың бастапқы және соңғы температурасын айырып көрсетеді.

Мұнайдың қайнау жағдайындағы фракциялардың бөлініп шығу процесі айыру деп аталады. Қайнаудың бастапқы температурасынан  $300^\circ\text{C}$  дейін айырылған өнімдер *ашық тусті фракциялар* деп аталады.

Тұтану (жарқ ету) температурасы деп мұнайдан бу алаудың жақындаған жағдайында ауамен қоспасының тұтануы, бірақ мұнай мұнда жанбайды.

*Мұнайдың меншікті жылу сыйымдылығы* -  $1 \text{ г}$  мұнайды  $1^\circ\text{C}$  қыздыруға жұмсалатын жылудың мөлшері. Меншікті жылу сыйымдылық  $0,4-0,5 \text{ кал}$  ( $\text{Г.}^\circ\text{C}$ )-1 шегінде ауытқиды. Мұнайдың тығыздығының жоғарылауымен ол азаяды.

Мұнайдың *жылу шығару қабілеттілігі* -  $1 \text{ кг}$  мұнайдың жану кезіндегі бөлінетін жылудың мөлшері. Мұнайдың жануының төменгі жылулығы

тығыздықтың азаюымен ұлғая отырып 10300 ден 10800 ккал 1 кг-ға дейін өзгереді.

Мұнай және мұнай өнімдері органикалық еріткіштер: бензинде, хлороформда, төрт хлористі көміртегінде, күкіртті көміртегіңде жылдам ериді. Судағы мұнайдың *ерігіштігі* өте төмен. Мәселен, 1 м<sup>3</sup> суда 270 г керосин еруі мүмкін. Мұнай және оның өнімдері бір қатар заттар: иод, күкірт, каучук, шайырлар, өсімдік және жануарлар майының көпшілігі үшін жақсы еріткіш болып табылады.

Мұнай және оның туындылары электр тогына' қатынасы бойынша оқшаулағыш (изолятор) болып табылады.

Мұнайдың *оптиктик белсенділігі* жарықтың үйектену жазықтығының айналасына мұнайдың қабілеттілігін білдіреді. Мұнайдың біршама жоғары аумағына ауыр шайырлы нафтенді және хош иісті мұнайлар ие болады.

### Газдардың физикалық қасиеттері

Газдардың физикалық қасиеттеріне: тығыздық, салыстырмалы тығыздық, молекулалық масса, тұтқырлық, ерігіштік, сорбациялық қабілеттілігі, булардың серпім-ділігі, сындық қысым мен температура, жылусыйым-дылық және жылу шығару қабілеттілігі жатады.

Газдың тығыздығы - 0°С температура және 760 мм рт.ст (стандартты жағдайлар) қысым жағдайындағы 1 м<sup>3</sup> газдың массасы. СИ жүйесіндегі газдың тығыздығының бірлігі-кг/м<sup>3</sup>. Газдың салыстырмалы тығыздығы-стандартты жағдайлар кезіндегі газдың тығыздығының ауаның тығыздығына қатынасты.

Газдың молекулалық массасы-молекулалардың құрамына кіретін атомдардың салмағының қосындысы. Мәселен, этанның (C<sub>2</sub>H<sub>6</sub>) молекулалық массасы 12-2+1,01-6=30,06 кұрайды. Молекулалық массаға сәйкес килограммдардың мөлшері килограмм-молекула немесе киломол, ал грамм-молекула-мол деп аталады. Барлық газдар үшін киломолдың көлемі тұрақты және стандартты жағдайларда 22,4 м<sup>3</sup>, ал молдікі - 22,4 л-ге тең.

Газдың тұтқырлығы деп оның қозғалыс жағдайында пайда болатын ішкі үйкелісті атайды. Мөлшермен ол тұтқырлық коэффициентімен М<sub>1</sub>сипатталады. Газдың тұтқырлығы өте аз және 0,01 МПа.с.-дан артпайды. Қысымның жоғарлауымен ол ұлғаяды.

Газдар эффузиясы деп қысымның шамалы түсуі жағдайында төменгі өтімділікке ие болушы тау жыныстарының жіңішке, тар кеуектері арқылы газдың өту қозғалу қабілеттілігі - қатты денелермен жұтылу қабілеттілігі.

Сорбция процесі біркелкі өтпейді. Бастапқы кезеңде тау жыныстарының газды жұтуының ең жоғарғы жылдамдығы байқалады, содан кейін жылдамдық азаяды да процесс тегістеледі. Сорбция жылдамдығы газ және қатты денелердің табиғатына, қысым мен температураға байланысты сорбенттен сорбирленген газды шығарып алу десорбция деп аталады.

Сұйықтардағы газдардың жұтылуы мен еруі абсорбция деп аталады, мұнда жұтылуға қатты денелердің беткі қабаты ғана қатысады.

Булар мен газдардың серпімділігі деп берілген темпе-ратурада газдардың болу ықтималдылығы жағдайындағы ең жоғарғы қысымды атайды. Біршама жеңіл газдың серпімділігіне тең, ондағы еріген, қысым астындағы мұнай

қаныққан мұнай деп аталады. Мұнайдан газ бөліне бастаған қысым қаныққан қысым деп аталады.

Әрбір газ үшін одан жоғары температурада қысым қаншалықты үлкен болғанымен газ сұйық өтпейтін температурасы болады. Сондай-ақ әрбір газ үшін шекті қысым бар, одан төмен қысымда және температурада газ сұйық күйге өтпейді. Бұл шекті температура мен қысым сындық деп аталады.

Газ тәрізді көмірсутектердің тұрақтылары 1-кестеде көрсетілген.

1 кесте

Газ	Химия-лық формуласы	Балку температурасы, °С	Қысым жағдайында кдйнау температурасы "С	Сындық температурасы °С	Сындық қысымы,	Салыстырмалы тығыздығы
Метан	CH <sub>4</sub>	-186,0	-160,0	-95,5	5,01	0,554
Этан	C <sub>2</sub> H <sub>2</sub>	-172,1	-84,1	+35,0	4,53	1,038
Пропан	C <sub>3</sub> H <sub>8</sub>	-139,9	-44,1	+97,0	4,50	1,523
Бутан	C <sub>4</sub> H <sub>10</sub>	-135,0	+0,3	+153,0	3,55	2,007
Пентан	C <sub>5</sub> H <sub>12</sub>	-131,0	+36,4	197,2	3,30	2,491
Гексан	C <sub>6</sub> H <sub>14</sub>	-94,0	+69,0	+234,5	3,01	2,975
Гептан	C <sub>7</sub> H <sub>16</sub>	-97,0	+98,4	+266,8	2,69	3,495
Октан	C <sub>8</sub> H <sub>18</sub>	-56,6	+125,5	+296,4	2,52	3,944

Мұнай және газ кен орындары, мұнай мен газ 20-180°С температура жағдайында 4-20 қысым астында болады, сондықтан қабаттық жағдайларда тек метан ғана газ тәрізді күйде; қалған көмірсутектер бу түрінде болады.

Газдардың жылу шығарғыштық қабілеттілігі 1 м<sup>3</sup> немесе 1 кг газды (кка с м<sup>3</sup> немесе ккал 1 кг) жағу кезінде бөлінетін жылудың мөлшері мен өлшенеді. Газдар өзінің құрамында үнемі су буларын ұстаудың салдарынан, жылу шығарғыштық қабілеттіліктің екі түрін: жоғарғы және төменгі деп ерекшелейді. Жоғарғы - күрғақ газдарға (су буларынсыз). Төменгі - су буларымен сәйкес келеді.

Газдардың жылу шығарғыштық қабілеттілігінің мәні келтірілген 2-ші кестеден көріп отырғандай, ең жоғарғы жылу шығарғыштық қабілеттілігіне майлы газдар ие болады. Газдардың меншікті жылу сыйымдылығы 1°С -да 1 м<sup>3</sup> немесе 1 кг газды қыздыру үшін жұмсауға қажетті жылудың мөлшерімен жылу сыйымдылығы 0,300 ден 0,500 ккал / (м<sup>3</sup>°С) дейін ауытқиды.

2 кесте

Газдар	Жылу шығарғыштық қабілеттілігі, ккал/м <sup>2</sup>		Жылу сыйымдылығы ккал/(кг°С)		Жылу-өткізгіштігі ккал/
	Жоғары	Төмен	Тұрақты қысым жағдайында	15,5°С жағдайында 1 кг көлем	
Метан (CH <sub>4</sub> )	8997	8098	0,530	0,405	0,025
Этан (C <sub>2</sub> H <sub>6</sub> )	15754	14416	0,415	0,346	0,016
Пропан (C <sub>3</sub> H <sub>8</sub> )	22425	20637	0,376	0,324	0,013
Бутан (C <sub>4</sub> H <sub>10</sub> )	29064	26821	0,357	0,312	0,011

Пентан (C <sub>5</sub> H <sub>12</sub> )	37758	33051	0,347	0,319	0,010
--	-------	-------	-------	-------	-------

Жылу өткізгіштік - бұл газды ортаның алған жылуын сыртқа беру қабілеттілігі. Газдардың жылу өткізгіштігі оның тұтқырлығы мен жылу сыйымдылығына тәуелді және ккал/(м<sup>3</sup>С) белгіленеді. (И.Г. Пермяков және басқалар, 1976).

Парафинді қатардағы көмірсутектерге ие болушы мұнайдан алынған барлық мұнай өнімдері жоғары сапалылығы және химиялық төзімділігімен ерекшеленеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Аманизов.К.Н, Ахметов А.С, Қожахмет Қ.А. «Қазақстанның мұнайлы газды аймақтарының геологиясы».Алматы 2004 ж.
2. Қазақстанның мұнай-газ энциклопедиясы. Астана-Лондон 1999ж.

### **Тәжірибелік сабақ №5.**

#### **Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ музейіне бару.**

1. Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ-дың мұражайы қайсы институтта орналасқан?
2. Ш.Есенов университетке ел басы Н.назарбаев қай жылы келді?
3. Мұражайда атақты геологтар мен лауриаттардан кімдердің суреттерін көрдіңіздер?

**Сабақтың мақсаты:** Студенттерді музейдегі орналасқан суреттермен таныстыру, үлгі аларлықтай ойларын арттыру.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** Музейдегі барлық көрнекті суреттер.

Студент жастарды Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің музейіне алып барып таныстыру және ол жердегі орналасқан тематикалық комплекспен таныстыра отырып әңгімелеу.

1. Маңғыстау аймағының археологиялық картасы. Бұл жерде Маңғыстау территориясында 11 мыңнан көбірек тарихи ескерткіштер барын, сонымен қатар бұл аймақтың ескі Евразиялық цивилизацияның құрамына кіретінін айту.

2. Маңғыстау облысының табиғи байлықтары, аймақтың экономикалық дамуының негіздері тақырыбында жер асты пайдалы қазбалар жөнінде мұнайгаз, конденсат, көмір рудалық пайдалы қазбалар туралы әңгімелеу.

3. Энергетика-Маңғыстаудың Республика бойынша атом энергетика комплексі ТОО «МАЭК-Казатомпром».

4. Ақтау теңіз порты. Ақтау қаласы Республика бойынша 1 ғана халықаралық порттың «Трасене» транспортының базасы туралы әңгімелеу.

5. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Маңғыстау еліне келген кездегі суреттері жөнінде сонымен қатар Елбасының Маңғыстау киелі өлке әулиелер мекені, сіздерді олардың рухы қолдап, желеп-жебеп, өмірде баянды жол табуа септігі тигей деген сөздерін айту.

6. Университеттің тарихи 1976 жылдан басталғандығы туралы, 2005 жылдан бастап Шахмардан Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің ректоры Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген, академик, Қазақстан Республикасының

инженерлер академиясының академигі техника ғылымының докторы, профессор Абдімүталіп Абжаппарұлы Абжаппаров туралы айтып түсіндіру.

Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің құрылымы туралы және оның Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігінің білім беру жүйесіне енетін мемлекеттік жоғарғы оқу орны екендігін түсіндіру.

Қазіргі таңда Университет мұнай газ өндірісі, геология, химиялық технология, экология, энергетика, құқықтану, экономика ақпараттың жүйе, стандарттау, финанс құрылым және қоғамдық шаруашылық орта мектептерге мамандар даярлайтын заман талабына сай аккредитациядан өткен ірі жоғарғы оқу орны және аймағымыздағы білім жәе мәдени орталық екендігін айттып түсіндіру.

Сонымен бірге Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің колледжі, кітапхана, оқу залдарының суреттерін көрсетіп салыстыру. Қорыта келгенде студенттердің Университетте оқып жүрген өз мамандықтарына деген сүіспеншілікті жүзеге асыра білулерін меңгерту.

Сабақтың соңында студенттер өз түсініктері бойынша тәжірибелік сабақты қорғайды.

### **Ш.ЕСЕНОВТІҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ**

#### **1960**

1. Замечательный геолог - разведчик недр Джекказгана: (К 50-летию со дня рождения и 25-летию геологической деятельности Василия Ивановича Штифанова) // Веста. КазССР. 1960. № 10. С. 81-82. (Совместно с П. Я. Антроповым, А. С. Богатыревым, Т. А. Сатпаевой, К. И. Сатпаевым).

2. О дислокациях в нижнепермских отложениях Кумолинской синклинали // Тр. КазИМС. 1960. Вып. 3. (Совместно с Н. Н. Ведерниковым).

3. Проявления амфиболовой минерализации в Джекказганском районе и их поисковые геологические критерии // Вести. АН КазССР. 1960. № 9. (Совместно с Н. Н. Ведерниковым).

#### **1961**

4. Основные задачи геологической службы Казахской ССР // Изв. АН КазССР. Сер. геол. 1961. Вып. 4.

#### **1962**

